Бекітемін: ---------
Мектеп директоры: Ж.Бейбіт
--31.08.2022--2022 жыл

Келісемін:-----------
ДТЖО: Т.Ашихова
--31.08.2022--2022 жыл

«Б.Қаратаев атындағы  жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

# Б.Қаратаев атындағы  орта жалпы білім беретін мектебі әлеуметтік педагогі А.Жантлеуованың жылдық жұмыс жоспары

2022-2023 оқу жылы

***Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 17 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5750 болып енгізілді.***

*10-параграф. Әлеуметтік педагог*

72. **Лауазымдық міндеттері:** жеке тұлғаның психологиялық-медициналық-педагогикалық ерекшеліктерін және оның шағын ортасын, өмір сүру жағдайларын зерделейді, мүдделер мен қажеттілікті, мәселелерді, даулы жағдайларды, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің мінез-құлқындағы ауытқуларды анықтайды және оларға уақытылы әлеуметтік көмек пен қолдау көрсетеді.

Әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың міндеттерін, нысандарын, әдістерін, баланың жеке және әлеуметтік проблемаларын шешу тәсілдерін айқындайды, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, балалардың құқықтары мен бостандықтарын іске асыруда әлеуметтік қорғау және әлеуметтік көмек көрсету жөнінде шаралар қабылдайды.

Білім алушылар, тәрбиеленушілер, балалар және ұйым, отбасы, орта, түрлі әлеуметтік қызметтер, ведомстволар мен әкімшілік органдар мамандары арасында делдал болады.

Білім беру ұйымдарында және жеке тұлғаның қоғам өміріне бейімделуін қамтамасыз ететін тұрғылықты жері бойынша білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) тәрбиелеу, білім беру, дамыту және әлеуметтік қорғау жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асырады.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, мүмкіндігі шектеулі балаларды, мүгедек балаларды, девиантты мінез-құлықпен оқитын бала кезінен мүгедектерді патронат, тұрғын үймен, жәрдемақылармен, зейнетақылармен, мүліктік және мүліктік емес құқықтармен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты үйлестіреді.

Сабақтан тыс уақытта білім алушылардың, тәрбиеленушілердің ақыл-ой және дене қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасайды.

Әлеуметтік ортада адамгершілік қарым-қатынас орнатуға ықпал етеді. Бала мен мемлекеттік, қоғамдық ұйымдар, әлеуметтік қызметтер арасындағы байланысты қамтамасыз етеді.

Мұғалімдермен, ата-аналармен және білім алушылардың өзге де заңды өкілдерімен өзара іс-қимыл жасайды.

Білім беру процесі кезеңінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз етеді.

Білім беру ұйымдарында білім беретін оқу бағдарламаларын әзірлеуге, бекітуге және іске асыруға қатысады.

Білім беру ұйымдарында "Құндылықтарға негізделген білім беру" тұжырымдамасын білім беру процесінде барлық нысандар, оның ішінде балалар отбасыларының қатысуымен енгізеді.

Оқушылар, тәрбиеленушілер арасында академиялық адалдық қағидалалары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің алдын алады.

73. **Білуге міндетті:**

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңдарын және білім беру мәселелері бойынша басқа да нормативтік құқықтық актілерді;

әлеуметтік саясат негіздерін; жалпы және әлеуметтік педагогиканы; педагогика мен психологияны,

Валеология негіздерін, әлеуметтік-педагогикалық және диагностикалық әдістемелерді; әлеуметтік-педагогикалық жұмыстарды;

еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен өртке қарсы қорғау ережелері мен нормаларын; санитарлық ережелер мен нормаларды.

74. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары педагогикалық білімі; әлеуметтік педагог лауазымындағы жұмыс өтілі 3 жылдан кем емес.

Және (немесе) біліктілігі жоғары деңгейі болған жағдайда педагог-модератор үшін-кемінде 3 жыл, педагог – сарапшы үшін-кемінде 4 жыл, педагог-зерттеуші және педагог – шебер үшін-кемінде 5 жыл әлеуметтік педагог лауазымындағы жұмыс өтілі болуға тиіс.

75. Кәсіби құзыреттілікті анықтай отырып, біліктілікке қойылатын талаптар:

1) "педагог – модератор":

санаты жоқ педагогке қойылатын барлық талаптарға жауап беруі, сонымен қатар:

озық тәжиребені оқып үйрену,

озық тәжиребен тәжірибеде енгізу;

оқу-тәрбие жұмысына талдау жасау,

білім беру ұйымының әдістемелік топтарының жұмыстарына қатысуы тиіс.

2) "педагог-сарапшы":

педагог-модераторға қойылатын барлық талаптарға жауап беруі, сонымен қатар:

тәрбие жұмысын талдау әдістерін меңгеру;

шығармашылық семинарларды басқара білуі, озық тәжірбиелерді енгізуі тиіс.

3) "педагог-зерттеуші":

педагог-сарапшы педагогқа қойылатын барлық талаптарға жауап беруі, сонымен қатар:

ғылыми-әдістемелік, эксперименттік жұмыстарды білуі;

әлеуметтік-педагогикалық бағдарламалардың, педагогикалық технологияларды құрастыра білуі және олардың жұмысы бойынша апробация жүргізуі,

әлеуметтік педагогиканың өзекті мәселелермен айналысатын шығармашылық топтың жұмысын басқаруы тиіс.

4) "педагог-шебер":

педагог-зерттеушіге қойылатын барлық талаптарға жауап беруі, сонымен қатар:

ғылыми-әдістемелік, эксперименттік жұмыстарды білуі;

әлеуметтік-педагогикалық бағдарламалардың, педагогикалық технологиялардың құрастыра білуі және олардың жұмысы бойынша апробация жүргізуі,

әлеуметтік педагогиканың өзекті мәселелермен айналысатын шығармашылық топтың жұмысын басқаруы тиіс.

| № р/с | Іс-шаралар | Орындау мерзімдері | Жауаптылар | Есеп беру нысандары |
|---|---|---|---|---|
| I. | Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу | | | |
| | **Мектепте балалары оқитын ата аналарды, балаларды әлеуметтік санаттарға бөлу:**<br>-ҚР Үкіметінің 2020 жылғы «30» желтоксандағы №949 қаулысына қосымша ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысы бойынша әр түрлі санаттарға жататын отбасылар мен оқушыларды анықтау, қажетті құжаттарын жинақтау, тізімін жасақтау, бекіту<br>-Өзге де санаттар (мүмкіндігі шектеулі, ЕБҚЕБ, қиын балалар, көп балалы, толық емес, қолайсыз отбасы балалары, өгей әке, шеше тәрбиелеп отырған балалар) т.б тізімін жасақтау, қажетті құжаттарын жинақтау, бекіту;<br>-Мектептің әлеуметтік төлқұжатын жасақтау, бекіту;<br>**Әлеуметтік санаттағы отбасылардың,** | тамыз-қыркүйек | ДТІЖО<br>Әлеуметтік мұғалім<br>Психолог<br>Тәлімгер<br>Сынып жетекшілері | Директорлық кеңес |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **балалардың ақпараттар базасын жинақтау, сынып контингентін анықтау;**<br>-оқушылардың ақпараттық базасын жинақтау мақсатында сынып жетекшілерден мәліметтер жинақтау;<br>-барлық оқушылар мен ата аналар тізімін жасақтау, бекіту | | | |
| II. Балалық құқығын қорғау жұмысы | | | |
| **Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспектор, учаскелік полиция, дәрігер, психолог мамандармен кездесу**<br>-«Қоғамдық тәртіп негіздері» оқушылардың учаскелік полициямен кездесуі; 7-11 сынып<br>-Әлеуметтік санаттағы балалардың аудандық, облыстық шыршаға қатысуына жағдай жасау, құжаттарын дайындау;<br>-Қадағалаусыз, қараусыз қалған оқушыларды анықтау мақсатында «Жасөспірім» түнгі рейдін жүргізу;<br>-«Зиянды заттар...» ауылдық дәрігермен кездесу 7-11 сынып<br>-**«Мейірім мекені»** жобасы аясында анықталған осал топтағы оқушыларды әлеуметтік қорғау, өмірі мен денсаулығына қауіпсіз жағдай туғызу жұмыстары; | Желтоқсан<br><br><br><br><br>Айына екі рет<br><br>Наурыз<br><br>Жыл ішінде | ДТІЖО<br>Әлеуметтік мұғалім<br>Тәлімгер<br>Психолог<br>Сынып жетекшілері | Сынып жетекшілер отырысы |
| III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс | | | |
| **Оқушыларға кеңестер, дәрістер, тренингтер, т.б**<br>-«Булинг және зорлық зомбылық жайлы не білеміз» кеңес 5-9 сынып<br>-«Дұрыс тамақтану – ұлт болашағын сақтау» дәріс 1-11 сынып<br>-«Оқушының құқықтары мен міндеттері» кеңес 5-11 сынып<br>-ҚР Үкіметінің 2020 жылғы «30» желтоқсандағы №949 қаулысына қосымша ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысы бойынша әр түрлі санаттарға жататын оқушылардың және өзге де санаттарға (мүмкіндігі шектеулі, ЕБҚЕБ, қиын балалар, көп балалы, толық емес, қолайсыз отбасы балалары, өгей әке, шеше тәрбиелеп отырған балалар) жататын оқушылардың мектеп формасын, оқу құралдарының түгендігін, көңіл күйлерін, сабаққа қатысын қадағалау мақсатында сабақтарына қатысу;<br>-мінездемелерін, әлеуметтік төлқұжаттарын жасақтау, сынып жетекшілеріне, пән мұғалімдеріне, ата аналарына таныстыру;<br>-жазғы демалыс лагеріне қатысатын әлеуметтік санаттағы оқушылардың құжаттарын реттеу; | қазан<br><br>ақпан<br><br>наурыз<br><br>Айына бір рет<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Қыркүйек<br>Қаңтар<br><br>Мамыр<br>маусым | ДТІЖО<br>Әлеуметтік мұғалім<br>Тәлімгер<br>Психолог<br>Дефектолог<br>Сынып жетекшілері | Сынып жетекшілер отырысы<br><br><br><br><br><br><br>**Педагогикалық консилиум** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы | | | | |
| | Мектепішінде «Әлеуметтік педагог», «Бала құқығын қорғау» бұрышын жасақтау;<br>**Жалпыға бірдей міндетті білім беру жұмысын ұйымдастыру:**<br>-оқу жасындағы балалардың оқуға толық тартылуын бақылау;<br>-оқушылардың оқу жылына дайындығын /киім, оқу-құрал/ қадағалау, көмекке мұқтаж отбасыларын анықтау үшін үй аралау жұмыстары, АКТ жасақтау;<br>**Мекемелерді, кәсіпкерлерді акцияға ат салысуға шақыру, демеушілікке тарту;**<br>-стенд, ақпараттық бұрыштар жасақтау, парақшалар тарату, кездесулер өткізу;<br>-дүкендерге қайырымдылық жәшіктерін орналастыру, жәрмеңкелер өткізу;<br>-қажетіне қарай аудандық білім бөліміне сұраныстар жіберу;<br>**Нақты көмекті қажет ететін отбасы балаларына көмектер ұйымдастыру;**<br>-кәсіпкерлерден түскен қаражат есебінен, қайырымдылық жәшіктерінен, жәрмеңкелерден түскен қаражат есебінен нақты көмек қажет еткен оқушыларға көмектер ұйымдастыру;<br>**Ыстық тамақпен қамтуды ұйымдастыру жұмыстары:**<br>- ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы негізінде ыстық тамақты ұйымдастыруға жауапты тұлғаларды бекіту, тамақтың сапасын қадағалау үшін комиссия құрамын бекіту, комиссия жұмысын жүргізу;<br>-Ыстық тамақпен қамтылатын оқушылардың құжаттарын жинақтау, хаттамалау<br>-Ыстық тамақпен қамтылатын балалардың тізімін жасақтау, кезеңдерге бөлу;<br>-Тамақтану кезінде кезекшіліктер ұйымдастыру, қауіпсіздігіне, тамақтану сапасына бақылау жүргізу;<br>-29 қазан – Қамқоршылар күніне орай қамқоршы ата анамен кездесу, жеке әңгіме жүргізу, көңілді тренингтер өткізу; | Қыркүйек<br><br>Тамыз-қыркүйек, қаңтар<br><br>Үнемі<br><br>Қазан | ДТІЖО<br>Әлеуметтік мұғалім<br>Психолог<br>Дефектолог<br>Сынып жетекшілері | Сынып жетекшілер отырысы |
| V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс | | | | |
| | **Ата аналарға кеңестер, дәрістер**<br>-Ата аналарға, оқушыларға «Бала құқығы туралы» БҰҰ конвенциясының ережесін таныстыру;<br>- Ата аналарға, оқушыларға «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы» туралы | Қыркүйек<br><br>Қазан | ДТІЖО<br>Әлеуметтік мұғалім<br>Психолог<br>Тәлімгер | Директорлық кеңес отырысы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ...таныстыру;<br>- Ата аналарға, оқушыларға ҚР «Неке мен жанұя туралы» Заңына сәйкес балалар мен ата-аналарды құқықтары және міндеттерімен таныстыру<br>-«Баланың психо-физиологиялық дамуы» даму мүмкіндігі шектеулі балалардың ата аналарына кеңес;<br>-Ата аналар жиналыстарына қатысу, есірткі, алкоголизм, токсикомания, шылым шегу, құқықбұзушылық, әлеуметтік желі пайдасы мен зияны, буллинг т.б тақырыптар жөнінде кеңестер беру | Қараша<br><br>Сәуір<br><br>Жоспар бойынша | | |
| VI. | Диагностикалау-талдау қызметі | | | |
| | **Сауалнама, анкета, тест, әңгіме, сұрақ – жауап, т.б;**<br>**Оқу іс әрекетіндегі мотивация:**<br>-Әдістеме «Мотивация оқу» Н.Г.Лусканова, М.Р.Гинзбург 1 сынып<br>-Әдістеме «Оқу мотивациясы» М.Р.Гинзбург 5 сынып<br>**Социометрия:**<br>-әдістеме «Социометрия» Дж. Морено 1-11 сынып<br>**Өзін өзі бағалау:**<br>-Әдістеме «Баспалдақ» Т.Б.Марцинковская 1-4 сынып<br>-Әдістеме «Мен қандаймын?» О.С.Богданова 5-6 сынып<br>-Әдістеме «Өзіңді бағалауың қалай?» Ю.И.Кеселева 7-11 сынып | қазан<br><br>қараша<br><br>желтоқсан | Әлеуметтік мұғалім<br>Психолог<br>Дефектолог | Сынып жетекшілер отырысы |

Беттері нөмерленіп, шнурланып
мектептің мөрімен бекітілген бет
Мектеп директоры м.а: Ж.Бейбіт